


және ішкі диаметрі 25 мм болатын болатты реакторға (2) орналастырады. Катализатор массасы 45 г, қабат биіктігі 70 мм құрайды, тәжірибе алдында катализаторды 500⁰С температурада 2 сағат аралығында сутекпен қайта қалпына келтіреді.

1-сурет



Шикізат бюреткадан (1) пешпен (3) қыздырылып жатқан болатты реакторға(2) келіп түседі. Реактор температурасын ЛАТР (4) көмегімен және термометрмен (5) өлшегіш регулятор (6) арқылы температураны ± 1 дәлдікпен өлшенеді. Реакцияның сұйық өнімдері сулы холодильникпен (8) жабдықталған колбаға (7) түседі. Газ тәрізді заттар газометрге (10) жиналады. Сутек баллоннан (11) редуктор (12) арқылы беріледі. Газдың шығымын вентил (13) көмегімен реттейді және реометр көмегімен өлшейді. Ары қарай сутек хлорлы кальцийден тұратын склянка (15) арқылы өтіп реакторға түседі. Сутектің тазалық дәрежесі 99,9%.

Кокс қалдықтарын жағу үшін реакторға компрессор (16) арқылы тазалау жүйесі арқылы ауа жібереді.

Тәжірибенің жүру ұзақтығы шикізатты беру жылдамдығы мен сұйық өнімдердің түзілу жылдамдығына байланысты 1-1,5 сағат аралығында болады. Сосын қондырғыны сутек ағысында суытамыз. Колбада жиналған сұйық өнімді 0,01 дәлдікпен таразыда өлшейміз. 2-3 сағаттан соң катализаторды ауамен тотығу регенерациясын 500⁰С температурада 2 сағат жүргізеді.

Изоремлеу процесінің сұйық және газтәрізді өнімдерінің сандық және сапалық құрамын газохроматографиялық әдіспен анықтайды.

Әрі қарай сутек кебу үшін хлорлы кальцийі бар склянка (15) арқылы қондырғы реакторына түседі. Сутектің тазалық дәрежесі 99,9% құрайды.